

Астық қабылдау кәсіпорынын уақытша басқаруды жүргізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2001 жылғы 29 маусымдағы N 195 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 30 шілдеде тіркелді. Тіркеу 1602

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2005 жылғы 9 қыркүйектегі N 537 бұйрығымен .

----- Бұйрықтан үзінді -----

"Заңға тәуелді кесімдерді жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкімін іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. "Астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды жүргізу туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2001 жылғы 29 маусымдағы N 195 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1602 болып тіркелген; Қазақстан Республикасы Орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған, 2001 ж., N 29, 470-құжат) күші жойылған деп танылсын.

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Ескерту: 2-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2005 жылғы 11 қазандағы N 587 бұйрығымен.

М и н и с т р

"Астық туралы" Z010143_ Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Астық қабылдау кәсіпорынын уақытша басқаруды жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Астық департаменті (Боранғазиев Б.К.):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықтан туындайтын басқа да шаралар қолдансын.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2001 жылғы 29 маусымдағы
N 195 бұйрығымен

бекітілген

**Астық қабылдау кәсіпорынын
уақытша басқаруды жүргізу**

ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Бұл Астық қабылдау кәсіпорынын уақытша басқаруды жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Астық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңына сәйкес әзірленген және астық қабылдау кәсіпорынын уақытша басқаруды жүргізу шарттарын, негіздерін, тәртібін айқындайды.

2. Астық қабылдау кәсіпорынын уақытша басқаруды енгізу астық қабылдау кәсіпорынына қолданылатын, астық қабылдау кәсіпорынын уақытша басқаруды жүргізу жөніндегі комиссия мен уақытша әкімшілік қолданатын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) санкциясы болып табылады.

3. Астық қабылдау кәсіпорынын уақытша басқаруды жүргізу жөніндегі комиссия (бұдан әрі - комиссия) мен уақытша әкімшілік (бұдан әрі - әкімшілік) астық қабылдау кәсіпорынын уақытша басқаруды жүргізу кезеңінде "Астық туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, осы Ережені және басқа да нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

4. Комиссия мен әкімшіліктің міндеті астық қабылдау кәсіпорынының астық қолхаттары иелерінің алдындағы өз міндеттемелерін орындау мүмкіншілігін сақтау немесе қайта жаңарту және астық қабылдау кәсіпорынының болған бұзушылықтарын жою және жұмыс сапасын жақсарту жөніндегі басқа да шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін жұмысқа қабылетті басқару тетігін құру болып табылады.

5. Астық қабылдау кәсіпорынын уақытша басқару астық қабылдау кәсіпорыны қаражатының есебінен жүзеге асырылады.

**2. Астық қабылдау кәсіпорынын уақытша басқаруды
жүргізудің негіздері мен шарттары**

6. Астық қабылдау кәсіпорыны Министрліктің дербес қабылданатын шешімімен немесе астық қолхаттары иелерінің ұсынысы бойынша мына негіздердің біреуі:

- 1) астық қолхатынан туындайтын міндеттемелерді орындамау;
- 2) астық қолхаттарымен қамтамасыз етілген астық көлемінің астық қабылдау кәсіпорынында сақтаулы нақты астық көлемінен сақтаулы астықтың көлемі елу

мың тоннаға дейінгі кезде жиырма пайыздан астамға және сақтаулы астықтың көлемі елу мың тоннадан көп кезде он пайыздан астамға артығы бойынша ғана уақытша басқарыла алады.

3. Уақытша басқаруды енгізу туралы шешім қабылдау тәртібі

7. Министрліктің облыстық аумақтық басқармалары, осы Ереженің 6-тармағында баяндалған негіздер болған жағдайда, астық қабылдау кәсіпорынында уақытша басқаруды енгізу туралы қорытынды жасап, оны тиісті құжаттармен - астық қолхаттары иелерінің өтініштерімен (шағымдарымен) немесе астық қабылдау кәсіпорынын тексеру нәтижелерімен қоса Министрлікке ж і б е р е д і .

8. Берілген қорытынды негізінде Министрліктің тиісті құрылымдық бөлімшелері ол қорытынды Министрлікке түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде астық қабылдау кәсіпорынында уақытша басқаруды енгізу туралы ұсыныс ә з і р л е й д і .

9. Ұсыныста уақытша басқаруды енгізудің негіздері баяндалуы тиіс.

10. Астық қабылдау кәсіпорынында уақытша басқаруды енгізу туралы ұсыныс және тиісті бұйрықтың жобасы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министріне немесе оның орынындағы адамға қол қоюға беріледі.

11. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің астық қабылдау кәсіпорынында уақытша басқаруды енгізу туралы бұйрығында м ы н а л а р б о л у ы т и і с :

1) астық қабылдау кәсіпорынының аты, оның тұрған жері және мекен-жайы;

2) уақытша басқаруды енгізудің негіздері;

3) уақытша басқарудың басталуы мен мерзімі;

4) астық қолхаттары бойынша міндеттемелерін орындау мақсатында астық қабылдау кәсіпорынының қызметіне қойылатын шектеулер тізбесі;

5) комиссияның дербес құрамы;

6) астық қабылдау кәсіпорынын уақытша басқару режиміндегі астық қабылдау кәсіпорынының басқарушы қызметкерлеріне өз жұмысы жайлы есеп дайындау және осы құжаттарды әкімшілікке тапсыру және осы астық қабылдау кәсіпорыны берген астық қолхаттарының иелеріне міндетті түрде уақытша басқару енгізу жайлы хабар беру туралы нұсқау.

12. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің астық қабылдау кәсіпорынында уақытша басқаруды енгізу туралы бұйрығына мүдделі тұлғалар сот арқылы шағым арыз бере алады.

Көрсетілген бұйрыққа шағым арыз беру уақытша басқаруды енгізу туралы шешімнің күшін тоқтата алмайды.

13. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің уақытша

басқаруды енгізу туралы бұйрығы шыққаннан кейін ол екеуден кем емес мемлекеттік және орыс тілдеріндегі газеттерде жариялануға тиіс.

14. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің уақытша басқаруды енгізу туралы бұйрығын жариялау осы бұйрық шыққаннан кейін үш жұмыс күні ішінде астық қабылдау кәсіпорынының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

4. Астық қабылдау кәсіпорынын уақытша басқаруды жүргізуді жүзеге асыратын органдарды құру тәртібі және олардың қызметін ұйымдастыру

15. Комиссияның дербес құрамы тиісті облыстық аумақтық басқарманың қорытындысы мен Министрліктің құрылымдық бөлімшесінің ұсынысы негізінде Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен немесе оның орынындағы адаммен бекітіледі.

16. Комиссияның құрамы төрт адамнан кем болмауы тиіс.

17. Нақты астық қабылдау кәсіпорынын уақытша басқару жөніндегі комиссияның сандық құрамы жөніндегі ұсыныстарды Министрлікке Министрліктің тиісті облыстық аумақтық басқармасы енгізеді.

18. Министрлікке астық қабылдау кәсіпорынында уақытша басқару енгізу қажеттілігі туралы қорытынды жібермес бұрын Министрліктің облыстық аумақтық басқармасы көрсетілген астық қабылдау кәсіпорынына және көрсетілген астық қабылдау кәсіпорыны берген астық қолхаттарының барлық иелеріне 3-күндік мерзім ішінде комиссия құрамына кандидатураларды ұсыну туралы ұсыныстарды жібереді.

19. Заңнамамен белгіленген тәртіппен уақытша басқару енгізілетін астық қабылдау кәсіпорыны және сол астық қабылдау кәсіпорыны берген астық қолхаттарының иелері 3-күндік мерзім ішінде Министрліктің облыстық аумақтық басқармасына комиссияның құрамына өз кандидатуралары бойынша жазбаша ұсыныстарды жібереді.

Көрсетілген кандидатуралар берілмеген немесе беруге бас тартқан жағдайда Министрлік өз бетімен комиссия құруға құқылы.

20. Астық қолхаттарының иелері комиссияның құрамына өз өкілдерін (өкілін) таңдауды былайша жүзеге асырады.

Министрліктің облыстық аумақтық басқармасының ұсынысын алғаннан кейін заңнамамен белгіленген тәртіппен уақытша басқару енгізілетін астық қабылдау кәсіпорыны берген астық қолхаттарының иелері астық қолхаттарының иелерінің жиналысын өткізеді.

Астық қолхаттарының иелерінің жиналысында дауыс беру арқылы уақытша басқару жөніндегі комиссияға өкілдер (өкіл) сайланады.

21. Егер де астық қабылдау кәсіпорыны берген астық қолхаттары иелерінің

арасында көрсетілген астық қабылдау кәсіпорынынан астық қабылдау кәсіпорынының барлық астық қолхаттарында жазылған жалпы астық көлемінің елу пайызынан астам көлемін алуға құқылы қолхат иесі болса, астық қолхаттарының иелерінің жалпы жиналысы комиссияның құрамына екі өкіл с а й л а й д ы .

Комиссияның құрамына бір өкілді көрсетілген астық қолхатының иесі, екіншісін жай дауыс беру арқылы басқа астық қолхаттарының иелері сайлайды.

22. Комиссияның жұмысына қатысу үшін Министрліктің өкілін Министрліктің тиісті құрылымдық бөлімшесінің ұсынысы негізінде (қажет болса Министрліктің облыстық аумақтық басқармасының қорытындысын есепке ала отырып) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі а й қ ы н д а й д ы .

23. Комиссия мүшелерінің жиналысы қажеттілігіне қарай, бірақ жұмасына бірден кем емес рет өткізіледі.

24. Бірінші мәжілісте комиссия мүшелері Төраға кандидатурасын айқындап, оны бекіту үшін Министрлікке жібереді.

25. Төраға комиссияның жұмысын ұйымдастырады, оның кезекті (кезектен тыс) мәжілістерін шақырады.

26. Комиссиядағы өкілдердің дауыстары шешім қабылдау кезінде пайыздық арасалмақпен былайша бөлінеді:

- 1) астық қолхаттарының иелерінің өкілдері - елу пайыз;
- 2) астық қабылдау кәсіпорынының өкілі - жиырма бес пайыз;
- 3) Министрліктің өкілі - жиырма бес пайыз.

27. Комиссия дауыстың жалпы санының үштен екісінен кем емесіне ие өкілдері қатысқан жағдайда шешім қабылдауға құқылы.

28. Комиссияның шешімдері дауыс көпшілігімен қабылданады және әкімшілікке орындау үшін міндетті болып табылады.

29. Дауыстар тең болған кезде Төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

30. Комиссияның барлық шешімдері хаттамамен ресімделеді және оған көрсетілген комиссияның Төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды.

31. Әкімшілікті комиссия мүшелері арасынан сайланатын басшы басқарады.

32. Комиссия мүшелері, әкімшілік мүшелері уақытша басқару кезінде астық қабылдау кәсіпорынына заңсыз әрекеттерімен залал келтіргені үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген жауапкершілікті көтереді.

5. Уақытша басқару жөніндегі комиссия мен уақытша әкімшіліктің астық қабылдау кәсіпорынын уақытша басқаруды жүргізу тәртібі

33. Комиссияның құзырына:

- 1) әкімшілікті құру, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау (жұмыстан шығару);
- 2) уақытша әкімшіліктің қызмет нәтижелері туралы есебін бекіту;
- 3) уақытша әкімшіліктің қызметін бақылау жатады.

34. Әкімшіліктің қызметін бақылауға:

- 1) астық қабылдау кәсіпорынын уақытша басқару кезіндегі қызметтің негізгі бағыттары туралы әкімшілікке ұсынымдар беру;
- 2) әкімшіліктен өз қызметі және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес астық қабылдау кәсіпорынының қызметі туралы ақпарат беруін талап ету;

- 3) әкімшіліктің істелген жұмыс жайлы есебін тыңдау және бекіту;
- 4) уақытша басқаруды енгізу себептері жойылмаған жағдайда оның мерзімін созу;
- 5) Министрлікке уақытша басқаруды доғару туралы ұсыныс енгізу кіреді.

35. Астық қабылдау кәсіпорынын уақытша басқару кезінде:

- 1) астық қабылдау кәсіпорынын басқару жөніндегі барлық өкілеттіктер әкімшілікке өтеді;
- 2) құрылтайшылардың (акционерлердің) астық қабылдау кәсіпорынын басқару жөніндегі құқықтары тоқтатылады;
- 3) астық қабылдау кәсіпорынының басқару органдары мен оның басқарушы қызметкерлерінің өкілеттіктері тоқтатылады;
- 4) әкімшілікке айтпастан және оның жазбаша келісімінсіз астық қабылдау кәсіпорынының атынан және есебінен жасалған барлық мәмілелер жарамсыз деп танылады.

36. Әкімшілік:

- 1) осы Заңмен айқындалған құзыреті шегінде астық қабылдау кәсіпорыны қызметінің барлық мәселелері бойынша өз бетімен шешім қабылдауға;
- 2) уақытша басқару кезінде астық қолхаттарынан туындайтын барлық талаптардың орындалуын онда көрсетілген астық көлемінің жиырма пайызына дейінгі мөлшеріне тоқтата тұруға;
- 3) шарттар жасауға және астық қабылдау кәсіпорынының оған берілген астық қолхаттары бойынша міндеттемелерін қайта жаңартуына бағытталған құжаттарға қол қоюға;
- 4) астық қабылдау кәсіпорынының атынан және оның мүддесі үшін, соның ішінде сотта да, өкілдікті жүзеге асыруға;
- 5) астық қабылдау кәсіпорыны астық қолхаттарының орындалуын кепілдеуші қорға қатысқан жағдайда астық қабылдау кәсіпорыны бірінші кезекте берген астық қолхаттарынан туындайтын міндеттемелер бойынша қарызды өтеу туралы

көрсетілген қорға талап қоюға;

6) астықты сақтаумен байланысты өндірістік мәселелерді бағалау үшін тәуелсіз сарапшыларды тартуға;

7) астық қабылдау кәсіпорынын уақытша басқару кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыретінің шегінде бұйрықтар шығаруға құқылы.

37. Өздерінен астық қабылдау кәсіпорынын басқару жөніндегі өкілеттіктерді алып тастайтын басқарушы қызметкерлер мен басқару органдары әкімшілікке алу-беру актісі бойынша мөрлерді, штамптарды, бланктарды, бағалы заттарды, жайлардың, сейфтердің кілттерін, сондай-ақ астық қабылдау кәсіпорынының басқа да мүлігі мен барлық қажетті құжаттарын тапсыруға міндетті.

38. Әкімшілік бірінші кезекте:

1) банк шоттарындағы ақша қаражатының қалдығын анықтауға (соның ішінде, банктің (банктердің) кассаларындағы ақшаның);

2) астық қабылдау кәсіпорынының қаржылық жағдайына: капиталдың барабарлығы;

активтерді талдау;

кіріс пен шығысты талдау бағыттар бойынша талдау жасауға;

3) негізгі құралдарды, баланс құжаттарын және баланстан тыс құжаттарды түгендеуді, сондай-ақ осы астық қабылдау кәсіпорынында сақтаулы астық көлемін түгендеуді жүргізуге;

4) кешіктірілген дебиторлық қарызды қайтару, талаптық мәліметтерді әзірлеу және сотқа жіберу жөніндегі шараларды қолдануға;

5) басқарудың оңтайлы құрылымын және астық қабылдау кәсіпорыны жұмыскерлерінің санын анықтауға;

6) қызмет көрсетуші банкке банк операциялары бойынша банкте операциялар жүргізу үшін құжаттарға қол қоюға құқылы лауазымды тұлғалардың қолдарының үлгілерімен бірге жаңа карточканы тапсыруға (бұл ретте, уақытша әкімшілік тағайындалғанға дейін тапсырылған карточканың күші жойылады);

7) комиссияға астық қабылдау кәсіпорынының шаруашылық қызметінің нақты жағдайы туралы ақпарат беруге және оның жұмыс сапасын жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізуге міндетті.

39. Уақытша басқару режиміндегі астық қабылдау кәсіпорынының балансқа енгізілген немесе енгізілмеген барлық мүлігі түгенделуі тиіс.

Балансқа енгізілмеген мүлік түгендеу ведомостінде көрсетілуі тиіс және соңынан балансқа енгізуге жатады.

40. Әкімшілік заңнамамен белгіленген тәртіппен астық қабылдау кәсіпорынының мүлігінің тізбесін құрауы, олардың құндылығын анықтауы тиіс.

41. Астық қабылдау кәсіпорынының мүлігін сатуды әкімшілік осы астық

қабылдау кәсіпорыны берген астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға мүмкіншілік болмаған жағдайда комиссияның шешімі негізінде жүзеге асырады.

Оларсыз астық қабылдау кәсіпорынының астықты сақтау жөніндегі қызметті осы қызмет түрі бойынша біліктілік талаптарға сәйкес жүзеге асыруы едәуір нашарлайтын немесе таза мүмкін болмайтын астық қабылдау кәсіпорынының негізгі құралдарын сатуға немесе басқалай иеліктен айыруға тыйым салынады.

42. Мүлікті сату:

- 1) мүліктің ең жоғарғы таза құнын алатындай;
- 2) сатудан түскен шығынды азайтатындай;
- 3) сатып алушылардың қалыпты конкуренциясын қолдайтындай қылып жүзеге асырылады.

43. Мүлікті сату кезінде әкімшілік кем дегенде екі республикалық газетте хабарландыру жариялауы тиіс. Хабарландыруда сатылатын мүліктің тізбесі, сондай-ақ әкімшілік мүшесінің фамилиясы, аты, әкесінің аты, мекен-жайы, ұсыныс беруге болатын телефон мен факс нөмірлері және сол ұсыныстар қашанға дейін қабылданатын күні көрсетілуі тиіс.

Мүлікті сатуды дұрыс жүргізуге қажет болған жағдайда, көрсетілген күн кейінгі мерзімге ауыстырылуы мүмкін.

44. Әкімшілік ұсыныстарды қанағаттандыру туралы шешім қабылдауы және жеңімпаз сатып алушыға жазбаша түрде хабар беруі тиіс.

45. Астық қабылдау кәсіпорынының берген астық қолхаттары бойынша міндеттемелерін орындау қабылетін қалпына келтіру мақсатында әкімшілік астық қабылдау кәсіпорынының негізгі құралдарына жатпайтын мүлігін басқаша түрде иелігінен айыруға құқылы.

6. Астық қабылдау кәсіпорынын уақытша басқаруды тоқтату тәртібі

46. Астық қабылдау кәсіпорынын уақытша басқару:

- 1) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен белгіленген уақытша басқару мерзімі аяқталған;
- 2) Министрлік уақытша басқарудың толық аяқталғаны туралы шешім қабылдаған;
- 3) сот шешімі заң күшіне енген жағдай негізінде тоқтатылады.

47. Уақытша басқару процедурасы аяқталғаннан кейін әкімшілік ол туралы комиссияға, ал ол Министрлікке хабарлайды.

48. Оны енгізуге жол берген себептерді жоюға байланысты астық қабылдау кәсіпорынын уақытша басқаруды тоқтатудан (соның ішінде толық) Министрлік немесе әкімшілік сол астық қабылдау кәсіпорынына қатысты белгілеген барлық шектеуліктерді алып тастау туындайды.

49. Астық қабылдау кәсіпорынын уақытша басқару астық қолхаттары бойынша міндеттемелерін орындау қабылетін қалпына келтіруге әкеліп соқтырмаған жағдайда Министрлік заңнамамен белгіленген тәртіппен лицензияны қайта шақыртып алады және астық қабылдау кәсіпорынын таратуды ұсына алады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК